

**«Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ  
психологиялық қызмет жұмысындағы педагог-психологтың  
лауазымдық қызметі**

1. оқу жылына арналған жұмыс жоспарына және оқу жылының басында ата-аналар жиналысының хаттамасымен рәсімделген ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің келісіміне сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жағдайына психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізеді;
2. бақылау, тереңдетілген тексеру, ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдерден алынған мәліметтер, психологиялық қызмет және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация мамандарының қорытындылары мен ұсынымдарын зерделеу негізінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтайды және бағалайды;
3. орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларының 14-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мінез-құлық және эмоционалдық проблемалар, деструктивті мінез-құлық нысандары, отбасындағы тәрбиенің және бала-ата-ана қатынастарының бұзылуы, ақпараттық ортаның теріс әсерлері тәуекелдері туындаған кезде ата-аналарды және білім беру ұйымының әкімшілігін хабардар етеді
4. кімшіліктің сұрауы және ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің келісімі негізінде білім алушы мен тәрбиеленушінің тұлғасына психологиялық зерттеу жүргізеді, баланың психоэмоциялық жағдайына баға береді және қажет болған жағдайда уақтылы психологиялық көмек көрсету мақсатында жеке-дамыту сабақтарын өткізеді;
5. білім беру процесіне қатысушылармен психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті арттыру бойынша іс-шаралар өткізуге қатысады және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытудың, дамыту мен әлеуметтендірудің тиімді тәсілдерін, әдістері мен технологияларын енгізуге жәрдемдеседі;
6. білім алушылар мен тәрбиеленушілердің деструктивті мінез-құлқының туындауының алдын алуға қатысады және қажет болған жағдайда тәрбиелеу, оқыту, дамыту және әлеуметтендіру мәселелерінде көмек көрсету бойынша білім беру процесіне қатысушыларға ұсынымдар әзірлейді;
7. сұраныс бойынша сынып жетекшісімен бірлесіп психологиялық-педагогикалық сипаттамалар мен психологиялық зерттеулер материалдары бойынша қорытындылар жасайды;
8. білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту, дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша білім беру процесіне қатысушыларға консультациялық көмек көрсетеді.
9. ғылыми негізделген әдістемелер мен технологияларды пайдалана отырып, білім алушылармен тәрбиеленушілермен диагностикалық, жеке консультациялық, дамытушылық жұмыстың нысандары мен әдістерін айқындайды;
10. білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық жай-күйінің өзгеру динамикасына мониторинг жүргізеді;

Таныстым Р.Р. Оспанжанова Педагог - психолог Р.Р. Оспанжанова



**«Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ  
психологиялық қызмет жұмысындағы басшысының  
орынбасарының лауазымдық қызметі**

1. білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу бойынша **психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастырады**, білім беру процесінде диагностикалық іс-шараларды өткізу уақыты мен орнын айқындайды;


2. білім алушылар мен тәрбиеленушілерді **сүйемелдеу нәтижелерінің**, әлеуметтендіру динамикасының, дамуының және оқу жетістіктерінің **тиімділігіне мониторинг жүргізеді**;

3. психологиялық қызметтің мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, қоғамдық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар жұртшылығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен **өзара іс-қимылын үйлестіреді**.

Таныстым  Директордың ТІЖ орынбасары М.О. Тусупбекова

**«Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ  
психологиялық қызмет жұмысындағы басшысының  
орынбасарының лауазымдық қызметі**

1. білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу бойынша психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастырады, білім беру процесінде диагностикалық іс-шараларды өткізу уақыты мен орнын айқындайды;
2. білім алушылар мен тәрбиеленушілерді сүйемелдеу нәтижелерінің, әлеуметтендіру динамикасының, дамуының және оқу жетістіктерінің тиімділігіне мониторинг жүргізеді;
3. психологиялық қызметтің мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, қоғамдық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар жұртшылығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Таныстым  Директордың ТЖ орынбасары Ш.О. Алиева

**«Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ  
психологиялық қызмет жұмысындағы әлеуметтік педагогтың  
лауазымдық қызметі**

- 1) жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның микроорталарын, әлеуметтік өмір сүру жағдайларын зерделейді, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің мүдделері мен қажеттіліктерін, проблемаларын, жанжалды жағдайларын, мінез-құлқының бұзылуын анықтайды және оларға әлеуметтік көмек пен қолдауды уақтылы көрсетеді;
- 2) әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке және әлеуметтік проблемаларын шешу тәсілдерін айқындайды, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек бойынша шаралар қабылдайды;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер, отбасы және ұйым, әртүрлі әлеуметтік қызметтердің, ведомстволар мен әкімшілік органдардың мамандары арасында дәнекер болады;
- 4) білім алушылар, тәрбиеленушілер және мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызмет өкілдері арасындағы байланысты қамтамасыз етеді;
- 5) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуды, тәрбиелеуді, әлеуметтендіруді ұйымдастыру мәселелері бойынша педагогтермен, ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен өзара іс-әрекет жасайды;
- 6) отбасында және білім беру ұйымында бала құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Таныстым Ж.Б. Әлеуметтік педагог К.Б. Жаркеева